



Әбділда ТӘЖІБАЕВ

ЖАМБЫЛ — ҰЛЫ ЗАМАННЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

Жайқалған орман мен аласа дондер арасында, жазық даланың ағысы баяу өзендеріңіц көктемгі жағалауларында Россияның данышпан ақынына бір ауыздан және әр тілде қошемет көрсетілген бәрімізге қымбат А. С. Пушкин жерлерінен бүкіл халықтың достық пен поэзияның эстафетасы бейнебір Қазақстанның ұлан-байтақ жеріне, шындары мәңгі қар жамылған, өзендеріңіц қатты ағысы гүрлдеген асқар таулардың етегіне жеткендей болды. Үлкен карталарда белгіленбеген — өлеңді ауылра және Алматыра жеткендей болды. Мұнда біз туыстарымызбен, достарымызбен бірге ұлы Жамбыл алдында перзенттік парызымызды етеп отырамыз.

Біздің үтігінде мерекеміз — поэзия мерекесі. Бірақ, біз поэзияны қашшалықты сүйгемізбен, оған, жүрек әміршісіне, қашшалықты аса зор мән бергенімізбен, бұл атаулы күңдердің мәнін тек бір поэзиямен, тек бір өнермен және тіпті бір гана мәдениетін айтып болмайды. Біздің мерекеміз — республикамыздың гүлденіп хоркеюінің мерекесі. Советтік Қазақстан төрсөсі тен бауырлардың тату сеmüясында қазір металымен, машиналарымен, рудасымен, көмірімен, құнарлы же-рімен, жас қалаларымен, жаппай сауаттылығымен ғылым академиясымен, орынды мақтан етіл отырган азаматтарының жоғары мәдениетімен, білім мен творчесвионың барлық салаларындағы көлтеген талантта-

рымен даңқты. Біздің мерекеміз — халықтардың лениндік достығының гүлдену мерекесі, биылғы жылдагы ең үлкен салтанаттың — Советтік Социалистік Республикалар Одағының елу жылдығының, көп ұлтты қуатты держава мерекесі алдындағы сөтті мереке. Жамбылдың аса ғажап халық ақыны болумен қатар, еңбек жыршысы, туысқандық пен достықтың жыршысы, Совет Одағының жыршысы, сүйікті Коммунистік партияның жыршысы болғаны тамаша емес пе!

Біздің көп ұлттық семьямымыздың жыршыларына деген өзара құрмет пен сүйіспенішілік мотивтері Жамбыл творчествосында өте күшті. Оның Фирдоусидің социалистік мұрагері Гасем Лахутимен шабытты уйдесуі, оның Дағыстанның қанатты ашугі Сулейман Стальскийге арнаған олеңі еске түседі. Жамбылдың Тарас Шевченко туралы өлеңі бейне бір бүгінгі таңда жазылғандай естіледі.

Біздің ақын Пушкинге тірі жандай екі рет үн қатты. Совет заманының тендересі жоқ ақынының жүрек нәзіктігі мен зерек ойы осы үннен айқын көрінеді. Оның қарапайым және, сонымен бірге, оңтүстіктің ыстық күні сияқты азаматтық әуенге толы олendorи, халықтардың туысқандығы туралы толғаулары бүгінгі таңда да біздің жасампаздық творчествомыздың шеруіндегі ақындық үран болып естіледі.

Жамбыл отызынши және қырқынши жылдардың да, біздің уақыттымыздың — жетпісінші жылдарының да ақыны. Оңмениң өтстін өткір, бірақ мейрімді және сел мыскылышыл көзді, ақ сақалды дана шалдың бейнесінен, оның сабырлы және тапқыр сездерінен, оның жас адамдарга деген әкелік ықыласынан, еңбек сүйгіштігінен, өткендеңін өте жаңсы білетіндігінен және сезімталдығынан халықтың таңдаулы қасиеттері айқын көрінеді. Бұл қасиеттер атақты күріш өсіруші Еңбек Ері Жақаевташ, тарыдан рекордты мол өнім алған шебер Шығанак Версневсен де табылады. Бұл қасиеттер біздің ер жүрек дикандарымыз бер малыштарымыздан, шахтерлеріміз бер металлургтерімізден, ғалымдарымыз бер жауынгерлерімізден де табылады.

Белгілі бір аймаққа ғана молім болған ауыл ақынының даңқы Қазақстаннан және бүкіл елімізден тыскары жерлерге тараган бүкіл халықтың ақынга

айналғаны — оның Совет дауіріндегі өмірбаянының кереметі. Бұл — халықтың алып таланттары ояниған, үлттық онері, үлттық әдебиеті қалыптасқан жылдар болды. Бұлардың өсуін халық творчествоның нәрлі бұлагынсыз көз алдына елестетуге де болмайды. Жамбыл даңқының осылайша төз һәм көнет тарауын осы тұргыдан түсіндіруге және түсінуге болады.

Іә, ақын біздің заманымыздікі, вайкенмен оның түпнілікті өміrbаяны сонау XIX ғасырга үнілдіреді.

Коне, қымбатты жолдастар, қысқаша болса да Жамбыл өмірінің елеулі беттерін актарын көрейікші.

Абай мен Жамбылдың күрдас деуге болады. Тек еткен жылы ғана біз қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы, ұлы ақын Абайдың 125 жылдығын атап өттік. Олар бір-бірімен кездессер де, достасар да, кейіннен жеke творчестволарымен танысадар еді, бірақ, олардың өмір тағдырлары мұлде басқаша болды. Абай бала кезінен тек фольклормен, Шығыс поэзиясымен шектелмей, орыстың классикалық әдебиетімен кеңінен танысты. Ол бала шарынан сауда һәм өскери-әкімшілік жаласы ғана емес, Ертіс бойындағы орыстың демократиялық мәдениетінің орталығы — Семейде болып жүрді.

Ал, Жамбылдың балалығы мен жіліттік дауренің көшпенделікпен өтті. Оның шапырашты руы Жастусудың басқа қазақтары сиякты Қоқан хандығының қарауында болып, еткен ғасырдың ализысының жылдарының екінші жартысында ғана Россияның қарамағына кірді. Сол жылдары пайда болған Верный қаласы көп уақыт бойы патшалық Россияның кіші-гірім сөгис қамалы ретінде қала берді.

Ақынның ертедегі өлеңдеріне Караганда, тіпті молданың өзі тек көк шыбықпен дөріс берген, ал, бала Жамбыл оның «сабактарынан» қашып жургенде, Абай Ахмет Ризаның көңі медресесінде парсы поэзиясының классикалық үлгілерімен көзінен танысқан.

Бірақ, Жамбыл бала кезінен халық творчествоның қаусар бұлагынан сусындалған есті. Ол дағы жыршылары мен әңгімелілерін, ертегішілерін, ертедегі аңыздарын қызыға тыңдады. Ол Ұландай шешесінің ағасы, атакты музықант һәм композитор Қанаданның жолын қуды. Домбыра таргуды үйренді. Бала Жамбыл әжесінің рұқсатынсыз халықтың көне онері —

айтыс оперін үйрену үшін өткен гасырдың атақты ақыны Сүйінбайга барды. Сүйінбай өз шәкіртіне өткен замандардагы айтыстарды игермей тұрып, нағыз ақын болмайтындығын өрдайым айтып отырган.

Атақты ақын Жамбылға халық эпосын жаттатты. Жамбыл ен дүниенің ең қымбаты деп поззияны сүйді.

«Сапарың сәтті болсын, балам, халық қуана-қуана жаттап, маңгі есінде сактайтын өлең тудыр, сенің өлеңіңе жекелеген адамдар гана емес, бүкіл халық сүйсінсін. Сенің өлеңің жүректен шығып, жүректен төгілсін. Шындықты айта отырып, тендікті жырла, бірсулер жүріп өткен жолмен журмей, өз соқпагыңды тап, айналаңда болып жатқан уақиғага әділ баға бер. Сенің жаңың қаның қазынасынан да бай болсын».

Жамбылдың есінде, ең озық шәкірті ретіндес өз домбырасын берген Сүйінбай бейнесі осылайша қалды.

Менің лірім — Сүйінбай,
Сөз сойлемен сыйынбай.
Сырлы, сұлу соңдері,
Маран тартқаш сыйынцайдай.
Сүйінбай деп сейлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындарай.

Өлеңдерін Жамбыл Сүйінбай есімімен бастайтын. Ол өз ұстазын ойша болса да айтыска шақыратын, ейткені бұл кездे Жетісуга белгілі ақынның шеберлігі осы айтыстарда еспі, жетілген еді. Жамбылдың бар кезінде фольклорымыздың бақытына қарай, сол поэтикалық сез жарысының бірнеше текстері, атап айтқанда, ақын қыздар — Айкүміс пен Бөлек қатысқан екі айтыс қалпына көтірілді. Осы бірнеше поэтикалық сез жарысының ішінде Жамбылдың оған дейін ешкімнен женіліп Көрмеген ақын «құлан яқ» Құлмамбетпен айтысы ерекше орын алады. Арада жұз жылдай уақыт отсе де, біз айтыстың поэтикалық шыншылдығына, өткір де шымыр сез таласына, мінездемелердің образылдыры мен далдігіне сүйсінеміз.

Айтысушылар бір-бірін аймайды, тіпті айтыстың қызған кезіндес «дауласып» та қалады. Бірақ, мәселе басқада — айтыстан кейін ақындар өзара сыйластығын сактайды.

Құлмамбет жас әріптесінен женілді, бірақ онымен бірігіп ауылдарды аралады. Жамбыл қазақ эпосын

үйренумен болды, Құлмамбеттің шабытты өлеңін де ыждағатпен тыңдады. Кейіннен де ол дарынды Сарыбаймен, керемет білімдар Досмагамбетпен, қызыл сөздің шебері Шашубаймен көздеңіп, сөз жарыстырды. Және осы айтыстарда Жамбыл үнемі жеңіп шығып отырады.

Жамбыл сөз сайысында жеңімпаз болып қана қойған жок. Оз әріптестерін айтылған тәңеулермен таңдандырып қана қойған жок, ол айтыстың бүрынғы дәстүрінде кездесетін адамның дене мүшесіндегі кемшілікті де күлкі-әжュー етстің бір қақпай әлиграммаларды да қолданған жок, біздің шыншыл да, данышпан Жекен одан бік тұрады. Айтыстарда ол әрдайым өз халқының жақсы қасиеттерін, батырлар мен халық бақыты үшін күрекерлерді мадактады.

Айтыс тыңдауышылардың көз алдында үйреншілкі арнасынан озгеріп отырады. Жаңадақ анибалық поэма туады, тек осылайша «Сұраныш батыр», осылайша «Отеген батыр» дүниеге келген болар-ау. Осыған орай Қазақстанның филолог-ғалымдары алдында Жамбыл творчествосында эникалық поэма жаңырының қалыптасу негіздерін зерттеу проблемасы тұрғанын айта кеткім келеді. Осылай, күресте халықпен қоян-қолтық араласа жүріп Жамбыл есе береді. Ол бүкіл Қазақстанға кеңінен тараган 1916 жылғы үлт-а заттық козғалысынан калыс қалран жок. Жамбылдың бауырлары, Жамбылдың достары, Жамбылдың өлеңдері Бекболат батыр бастаган көтерілісшілермен бір сапта болды. Дәл осы кезде патшалық озбыр әкімшілік — басы Жамбыл болған торғыз ақынды тұрмеге жапты.

Тұрме, әмірдің қынышылықтары және жақындаш қалған көрілік өз дегенін істеді. Жамбыл төсек тартып, көзі бұлдырады, өзін сиді ешқашан да жаңа өлең тудыра алмайтын, қаусаған шалмын деп сийлады. Еірак, керемет өзгеріс болды. Бұл керемет қазақ дала-сындағы Ұлы Октябрьдің женсісімен үштасты. Жамбылдың әмірбаянынан қыскаша үзінді келтірейік: «Мен 75 жасқа шыққанда,— деп есіне алған еді ол,— бойыма жаңа күш қосылғанын сездім. Мен төсектен тұрдым, таяқты тастап, қолымға домбыра алдым, жана-рым ашылып, көзім оттай жанды, дауысым қатайып, күшім қайнады. Маган жастық жігер қайтып оралғанын сезіп, мен өлең айттым. Айнала төнірекке көз

тастал, оз даламды танымай қалдым. Сол кезден бастап мен жайтадан атқа мініп, ауылауылды араладым, жаңа өмірді жырладым. Мен халықпен бірге болдым».

Бүкіл Қазақстан, содан кейін бүкіл совет елі ақ сақалды Жамбылды білді. Оның домбырасы барған сайын осем күмбірлеп, қарт ақынның поэзиясы батыл турде ұлт шеңберінен исти. 1936 жылры май айында «Правданың» беттерінде Жамбылдың «Туган елім» деген поэмасы жарияланып, бұл поэма ақынның есімін сол миллионнадаған оқушыға мәлім етті. Ақынды бүкіл халық таныды.

Жамбылдың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы сіңірген еңбегі мүлдем ерекше. Оның соғыс тақырыбына жағаған өлеңдері бүкіл халық жүргегінің тынысы, ақ сақалды дана әкениң сезі ретінде естіледі. Ақынның майданга жолдаган хаттарының драсында Москва, Стalinград, Воронеж қаңармандарына, совет гвардияшыларына, шын мәнінде, бүкіл халықтық ұранға айналған «Ленинградтық өрендерім!» деген олеңі ерекше орын алды.

Жауынгер жазуышы, Қызыл Флот теңізісі Всеводод Вишневский Жамбылдың нақ осы өлеңі туралы шабыттана былай дейді: «Ленинградтың ең ауыр күндерінде — 1941 жылғы күзде қадірменді Жамбыл бізге, қаланы қоргаушыларға ариап: «Ленинградтық өрендерім», — деп шабытты үндеу айтты. Біз бұл хатты козімізге жас алмай, қуанышты толғаныс сезімінсіз оқи алмадық. Біз хаттың күшті, қосымша резервей бағалы екстін сездік. Қазақстаниң халқы бізге туысқандық селем, сүйіспенілік пен достық жолдады, біз еселеген күшпен шайқасқа аттандық»¹.

Ақынның жасы жүзге жақындал қалған еді, бірақ ол совет слінің бүкіл ерлік тыллындаи жұмыс істеді. Барі де — Қараганды шахтерлерінің үздіксіз вахтасы да, Қазақстан малишаларының қажымас еңбегі де, әкелік қамқорлық та, ана қайғысы да оның назарынан тыс қалған емес. Ол сталинградтық жауынгерлерге өлеңдерін жіберіп қана қойған жоқ, оның баласы — Алғадай Волга қамалын корғап, шайқаста қаза тапты. «Алғадай туралы ой» деген өлеңді қазір, отыз жылдай уақыт откен соң да толғаныссыз оқу мүмкін емес:

¹ «Литературная газета», 1946, 6 августа.



Д. А. Қонаев Жамбылдың 125 жылдық мерекесіне қатысқан бір топ халық ақындары арасында (10 июнь, 1972 ж.).

Алғадай ылғи алда бол!
Аяңғаң адам болмақ қор,
Байгеге барып тігемін,
Сендерге арнап осы жол,
Достарыңа осыны айт,
Жауларыңды жеңіп қайт,
Айтарым арнал саған сол!

Жамбыл жеңіс күніне тірі жетті, бірақ ол өзінің жуз жылдығына жете алмады. Ол 1945 жылғы 9 майда жеңіс шаттығына өз үнін косу үшін ауруханадан хат жіберді. Ол бүкіл халықтық күш тапты, бірақ оның әлсіреген қолдары өмірінің адал серігі — домбыраны үстай алмады.

Жамбыл 1945 жылғы 22 июньде қайтыс болды, ал келесі жылды бүкіл еліміз ұлы ақынды қастерлеп еске алды.

Жамбыл Қазақстан ақындары мен жазушыларының арасында өзінің туған халықын, өз республикасын бірінші болып әлемге кеңінен танытты және өзі де бүкіл одактық, дүние жүзілік көлемде бірінші болып танылды.

Эрине, мен өз тыңдаушыларымды мысал желтіріп уақытын алғым келмейді. Бірақ, бүгінгі мәртебелі жинальиста Достоевскийдің Россияның ұлттық данышшаны туралы айтқан мына сезін келтіре кеткім келеді: «Пушкин, көп гасырлық құлдыққа нарамастан, орыс адамы құл болмады, ешқашан да болған емес деп бірінші рет жариялады». Сол сияқты Жамбылдың сезіде Совет Одағы мен шетелдегі біздің азаматтық кемелденуіміздің, қазак жанының сұлулығының, қазак өлеңдерінің көндігінің айғагындағы тез тарарап кетті.

«Халық ақыны — халықтың дәстүрлерін сактаушы ретіндегі зор талант,— деп жазды Леонид Соболев,— оның советтік айқын дүниес тапсымы қазақ әдебиетінің екі ағынын: ескідегі ауызекі поэзия мән кәзіргі кездегі профессионал поэзиниң біртұтас етіл біріктіре алғады. Жамбыл соғыс елінің барлық халықтарына жақын, әрі сүйікті болды». Оны Гасем Лахути шабытты өлеңдерімен күттүктады:

Тыңдайды сен сейлесси құлақ салып,
Күй күйлер басқа бакта тұрган бұлбұл.
Ынтымып өлеңінді саяхынады,
Қазақтың бұлбұл құсы акын Жамбыл.

Микола Бажан былай дейді: «Ол өзінің әрбір ойымен, әрбір сезімен халықтарымызға мәңгілік қызмет етуге үйретс отырып, бізді сөнбеуге, олмеуге үйретсіді». Өзбектің халық жыршысы Фазыл Юлдашев Жамбылға тамаша өлең жолдарын арнап, ақынның таланты алдында бас иетінің айтады.

Біздің шетелдік достарымыз Жамбыл туралы зор құрметпен және шыныңы сүйіспеншілікпен пікір айтты. Жамбылдың творчествоның қызметінің 75 жылдығын тойлау күндерінде Ромен Роллан былай деп жазды: «Батыс Альпі жүрекінен Қазақстан даласының икүрсіне, өзінің қазақ халқының және жаңа адамзаттың жыршысына — Жамбылға туыскандық сөлем».

Карт пролетар жазушысы Мартин Андерсен Нексенің айтқаны Ромен Ролланның сезімен үндеседі. «Сіз көшпенілдердің өмірінен осы заманғы адамның, еркін соғыс азаматтың өміріне мындаған жылғы мәдениеттің көпірін салдыңыз. Осы орасан зор кезең ішінде Сіз өмірлік бай тәжірибе жинақтаң, оны күрес поэзиясында колданыңыз. Есік дастандардагы бар-

дылар сиякты, Сіз өз өлеңдеріңзбен күрескерлерізді рухтандырыныз. Сіз бақытты адамсыз. Сіз кошпендерілер емірінен совет еміріне дейінгі мәдениеттің дамуын көзіңізден көрдіңіз, сейтіп Сіздің жүргегіңде ешқашан да қартайған жок, әрқашан да батыл жігіттің жас жүргегі жүйінде қалды». Осы жарқын сездерге басқа да піхірлер қосуга болар еді, бірақ, олардың бәрі корініске жаңа суреттемелер қосады, бірақ оның мәнін позерттейді.

Мен Жамбыл жайында бұған дейік айттым: өмір сүрді, толғаулар, эпикалық поэмалар шыгарды, айтыстарда жеңді. Ал, Жамбылдың жогарғы мәні сол — ол бүгін де бізben бірге, ол біз үшін әнерге ерлікпен қызмет етудің мәнгі жасайтын үлгісі болып отыр. Ұлы ақынның поэзиясы — өзінің мәні жағынан нағыз азаматтық поэзия.

Жамбыл біз үшін азаматтық борышты өтеудің эталоны тана емес, ол сонымен бірге ақындық жогары шеберліктің, мелдір айқындықтың, жарқын бейнеліліктің жоне дана қаралайымдылықтың үлгісі. Халық поэзиясы қандай қанатты болса, оның өлеңдері де сондай қанатты. Оның өлеңдерінде лирика публицистикалық шабытпен, романтика әзілмен ұштасып отырады.

Жамбыл қуана да, ашуларап да аллады, жаура өткір сезін түйрей де, досын ойламаган қалжынмен күлдіре де аллады.

Жамбыл — суырып салма өлең лайтудың да, толғау өлең, қысқа эпиграмма, эпихалық поэма шыгарудың да шебері.

Оның ірі шыгармаларының арасынан «Отеген батырды» да, «Сұранышы батырды» да, «Заман ағымны» да, Ұлы Октябрьдің он жылдығына арнал жазған поэмасын да атауға болады. Ол табиғат жоріштерін, әсірессе, дала көрінісін, Алатау бектерінің бейнесін, дала мен тау шыңдарын асқап шеберлікпен, өлпремен бейнелеген.

Жамбыл — суырып салма ақын. Ол өлеңдерін қағаз бетіне жазған жок, домбырасының күмбіріне қосылыш шыгаратын. Қазақстанның жөнө тамаша достықпен байланысты болған Қыргызстанның еткен гасырдағы халық творчествосын оның ете тамаша билетіндігіне біз таңдануга тиіспіз. Ол «Манастың»

тұтас белімдерін, откендеңі ақындар мен замандастарының көптеген өлеңдерін жатқа айтатын.

Осы тұста сіздер Маган откен күндерге аздаған шеңгініс жасауыма рұқсат етіңіздер. Менің шешімем, ақын Айманкул, Жамбыл өлеңдерін біліп, сүйе тұра, өзінің өлеңдерін де қарт ақынға арнады, мен сол үшін бақыттымын. Бірнеше жыл бойына Жамбылмен бірге жұмыс істеуіме, оның әдеби секретары болуыма тұра келді. Ол кез шын ықыласты, қызу журекті, айқын және зерек ойлы, естіген-көргенін ұмытпайтын, мейірімді адаммен терен, әрі талым аларлық қатынас жасаған кез болды.

Нак сол кезде мен ақынның айтуы бойынша, оның жиырма алты өлеңін, соның ішінде атақты «Тұган елінді» жазып алдым. Жамбылдың бүкіл одактық атаққа не болуы осы өлеңнен басталған еді.

Откен күндерге қарап, өзімді бақытты санаймын, неге десеніз сол июнь айының қаралы күндерінде, оның ақырғы демі үзілгеше қасында бірге болған, сол кездегі ақынның жас достарының бірі болдым.

Мен Жамбыл қайтыс болғанинан кейін көп кешікпей орыс досым Николай Погодинмен бірге көркем фильмнің сценарийін жазу бақытына не болдым, онда біз, әсіресе, талантты актер Шокен Аймановпен бірге ақынның қайталанбас бейнесін экранда көрсетуге тырыстық.

Мен езім бір белімі «Қазақ әдебиеті» газетінде таяуда ғана жарияланған поэмамды аяқтағанымды мақтан етем: ұлы заманың ұлы ақынның тойлас отырган кезде, мынадай сәулетті Ленин атындағы халық сарайы трибунасында тұрганымды және сіздердің бәріңізбен бірге бүкіл халықтық достық мерекесіне қатысқанымды мақтан етем!

